

**Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының
«Қызылорда облыстық тері-венерология диспансері»
шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорнының Байқау кеңесі отырысының
№2 ХАТТАМАСЫ**

Қызылорда қаласы

2024 жыл 19 шілде

Отырысты өткізу нысаны: жоспарлы

Өткізілген орны: Қызылорда облыстық тері-венерология диспансері

Уақыты: 2024 жылдың 19 шілде, сағат 11:00.

Қатысқандар: Тізім бойынша Л.Қ.Айтымбетова төрайым, Қ.Р.Алипов,
Е.Молдашев, С.А.Усейнов. Кворум сақталуда.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Байқау кеңесінің өткен отырысының шешімдерінің орындалуы туралы ақпаратты тыңдау
2. 2024 жылдың I жарты жылдыққа мемлекеттік сатып алу жоспарының орындалуы туралы
3. Ақылы қызмет бойынша ережені бекіту
4. Өзге де мәселелер

Байқау кеңесінің мүшелері күн тәртібін қарап, Шешті:

Күн тәртібі осы тізім бойынша қаралсын.

Дауыс беру қорытындылары:

«ИӘ» 4 – дауыс. Л.Қ.Айтымбетова, Қ.Р.Алипов, Е.Молдашев,
С.А.Усейнов

«ҚАРСЫ» _____ - дауыс

«ҚАЛЫС» _____ - дауыс

Шешім қабылданды: бір ауыздан «ИӘ» 4 дауыс

Байқау кеңесінің күн тәртібімен төрайым Л.Қ.Айтымбетова таныстырды.

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша Байқау кеңесінің өткен отырысының шешімдерінің орындалуы туралы Кәсіпорынның бас дәрігері С.А.Усейнов баяндады. Кәсіпорынның Lifan x60 автокөлігі 2016 жылы шыққан мемлекеттік нөмері 358 АО11 инвентарлық №24100075, қалдық соммасы 0, теңгерімнен шығару мерзімі өтіп, тозығы жетуіне байланысты, ақылы қызмет есебінен мемлекеттік сатып алу порталы

арқылы 22.05.2024 жылы №71 келісім шарт негізінде 2024 жылы шыққан, құны 14 190,0 мың теңге тұратын Hyundai Tucson NX4 зембілсіз автокөлігі алынды.

Байқау кеңес мүшелері бірауыздан ШЕШІМ қабылдады:

Дауыс беру қорытындылары:

«ИӨ»4 – дауыс Л.Қ.Айтымбетова, Қ.Р.Алипов, Е.Молдашев, С.А.Усейнов

«ҚАРСЫ» _____ - дауыс

«ҚАЛЫС» _____ - дауыс

Шешім қабылданды: «ИӨ» 4 дауыс

2.Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша Кәсіпорынның 2024 жылдың І-ші жарты жылдыққа мемлекеттік сатып алу жоспарының орындалу есебі тыңдалды, баяндамашы – Д.Кадиркулова.

«Қызылорда облыстық тері-венерология диспансері» ШЖҚ КМК-ны 2024 жылдың Мемлекеттік сатып алу порталының жылдық жоспарындағы бекітілген тауарлар, медициналық дәрі – дәрмектер, қызметтер мен жұмыстар Заңнамаға сәйкес жүргізіліп, кәсіпорын уақытылы қамтамасыз етілуде. Кәсіпорынның қажеттілігіне сәйкес қосымша сұраныстар беріліп, ақылы қызметтен алынып жатыр.

Атап айтқанда коммуналдық шығындарға (су, жылу, электр энергиясы, телекоммуникациялық қызмет) 9 436,8 мың теңге, күзет қызметіне 1825 мың теңге, басқа да қызметтер мен жұмыстарға 13509,3 мың теңгеге келісім шарттар жасалып қызметтер көрсетілуде. Азық түліктерге 5703,0 мың теңге келісім шарт жасалынды. Қажетті тауарларға (кеңсе тауарлары, шаруашылық заттары, жуу құралдары және т.б) 3 720,0 мың теңгеге келісім шарт жасалды, оның ішінде «СК Фармация» ЖШС-мен 11898,0 мың теңге.

Ақылы қызмет есебінен құны 14 190,0 мың теңге тұратын Hyundai Tucson NX4 зембілсіз автокөлігі алынды.

№	2024 ж жоспар	Атауы	Мемлекеттік сатып алу заңы	Жылдық қаржы мың.теңге	І- жартыжыл дықта орындалғаны, мың теңге	Орындалуы
1	Коммуналдық қызметтер	Су	39 бап 3-тармақ 1-тармақша табиғи монополия	960,00	506,9	Жыл ішінде

2		Жылу	39 бап 3-тармақ 1-тармақша табиғи монополия	14269,00	7352,9	Жыл ішінде
3		Электроэнергия	39 бап 3-тармақ 1-тармақша табиғи монополия	5000,00	976,3	Жыл ішінде
4		Телекоммуникациялық қызмет	Конкурс	806,40	600,7	Жыл ішінде
5	Күзет қызметі	Күзет қызметі	Баға ұсыныстарына сұраным	3650,00	1825	Жыл ішінде
6		Өзге де қызметтер мен жұмыстар	Баға ұсыныстарына сұраным	42015,00	13509,3	Жыл ішінде
7	Азық-түліктерге	Азық-түліктерге	Баға ұсыныстарына сұраным	15127	5703	Жыл ішінде
8	Тауарлар	Кеңсе тауарлары	Электронды дүкен	1029,1	1029,1	Толық жеткізілді
9		Шаруашылық заттары	Баға ұсыныстарына сұраным	2424,7	2169,6	Жыл ішінде
10		Сантехникалық заттар	Электронды дүкен	1555	0	Жыл ішінде
11		Жуу құралдары	Электронды дүкен	1077,3	521,3	Жыл ішінде
12	Негізгі құралдар	Автокөлік	Бір көзден	14190	14190	Толық жеткізілді
13		Басқа да негізгі құралдар	Баға ұсыныстарына сұраным	2914,9	2914,9	Толық жеткізілді
14	Дәрі-дәрмектер	ЖШС «СК-Фармация»	Баға ұсыныстарына сұраным	30 000,0	11898,0	Жыл ішінде
15		Өзге де жабдықтаушылар	№110 бұйрыққа сәйкес баға ұсыныстарына сұраным	92000,0	85626,1	Жыл ішінде
16		Медициналық жабдықтар	Баға ұсыныстарына сұраным	11445,8	11445,8	Толық жеткізілді

Қызылорда облысы денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық тері – венерология диспансері» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның келісім шарты негізінде 2024 жылға қаралған қаржыландыру бойынша есебі:

Атауы	2024 жылға жоспарланған қаржы		Барлығы теңге
	ТМККБК (ГОБМП)	МӘМС (ОСМС)	

Стациоанрлық медициналық көмекке - ересектерге	67 104 741,4	136 341 736,8	203 446 478,2
Стациоанрлық медициналық көмекке – балаларға	8 320 712	71 207 409	79 528 120,6
Барлығы СМП	75 425 453	207 549 145	282 974 598,7
Стационарды алмастыратын медициналық көмекке	3 567 910	63 655 929	67 223 838,9
Консультациялық – диагностикалық көмекке	8 077 000	309 579 000	317 656 000,0
Жергілікті бюджет			9 913 000,00
Ақылы қызмет			90 000 000,0
Барлығы	87 070 363	580 784 075	767 767 438

Кәсіпорынның 2024 жылдың I тоқсанға арналған қаржыландыру жоспарының шығыс есебі:

мың тенге

Шығыстар ерекшеліктерінің атауы		2024 жылға арналған қаржыландыру жоспарының орындалуы	I тоқсанға қаржының орындалуы
Барлығы		767767,4	363497,2
111	Негізгі жалақы	352957,2	159173,9
112	Сыйақы	30000,0	10437,3
113	Өтемақы төлемдері	42388,2	16643,5
121	Өлеуметтік салық	16103,7	7878,4
122	Өлеуметтік сақтандыру	9293,3	4370,8
123	Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға арналған жарналар	58,6	58,6
124	ОСМС	7689,8	4631,3
141	Азық-түлік сатып алу	18300,0	7154,7
142	Дәрі-дәрмек сатып алу	171995,4	82949,0
144	Отын, жанар-жағармай материалдарын сатып алу	1400	
149	Өзге қорларды сатып алу	26000,0	20093,7
151	Коммуналдық қызмет көрсетуге ақы төлеу	20229,0	8836,1
152	Байланым қызметіне ақы төлеу	900,0	600,7
159	Басқа да қызметтер мен жұмыстар	19662,2	7361,4
161	Іс-сапар шығындары	1600,0	1041,3
414	Мемлекеттік мекеменің медициналық құрал-жабдықтар сатып алу	35000	28513,8
418	Мемлекеттік кәсіпорындарды материалдық-техникалық жарақтандыру (автокөлік)	14190,0	14190,0

Есепті тыңдау бойынша Байқау кеңес мүшелері бірауыздан
ШЕШІМ қабылдады:

Дауыс беру қорытындылары:

«ИӨ»4 – дауыс Л.Қ.Айтымбетова, Қ.Р.Алипов, Е.Молдашев,
С.А.Усейнов

«ҚАРСЫ» _____ - дауыс

«ҚАЛЫС» _____ - дауыс

Шешім қабылданды: «ИӨ» 4 дауыс

3.Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша – «Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығына сәйкес кәсіпорынның 2024 жылға Ақылы қызмет бойынша ережені бекіту туралы баяндамашы – кәсіпорынның экономист маманы Д.Кадиркулова.

Есепті тыңдау бойынша Байқау кеңес мүшелері бірауыздан
ШЕШІМ қабылдады:

Дауыс беру қорытындылары:

«ИӨ» 4– дауыс Л.Қ.Айтымбетова, Қ.Р.Алипов, Е.Молдашев,
С.А.Усейнов

«ҚАРСЫ» _____ - дауыс

«ҚАЛЫС» _____ - дауыс

Шешім қабылданды: «ИӨ» 4 дауыс

4. Күн тәртібінің өзге мәселелері бойынша Кәсіпорынның 2024 жылдың 2-ші қыркүйегінен ақылы қызмет бойынша бағалар тізімін (прейскурант цен) бекітуді кәсіпорынның бас экономист маманы Д.Кадиркулова таныстырып, баяндады.

Есепті тыңдау бойынша Байқау кеңес мүшелері бірауыздан
ШЕШІМ қабылдады:

Дауыс беру қорытындылары:

«ИӨ» 4– дауыс Л.Қ.Айтымбетова, Қ.Р.Алипов, Е.Молдашев,
С.А.Усейнов

«ҚАРСЫ» _____ - дауыс

«ҚАЛЫС» _____ - дауыс

Шешім қабылданды: «ИӘ» 4 дауыс

4. Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша кәсіпорынның экономист маманы Д.Кадиркулова баяндады - ҚР Үкімет қаулысына сәйкес жыл сайын медицина қызметкерлерінің дәрігерлер – 30 пайыз, орта буын – 20 пайыз, кіші буын - 18 пайызға еңбекақысы көтеріліп отыр. Әкімшілік бөлімінің қызметкерлерінің жалақысы кіші буын медицина қызметкерлерімен теңестіріліп 18 пайызға ғана көтерілген. Әкімшілік қызметкерлерінің жұмысы материалды жауапкершілігі бар жұмыс болғандықтан және уақытпен санаспай жұмыс жасап жүрген қызметкерлерге мотивация беру мақсатында ақылы қызмет қаражаты есебінен шілде айынан бастап еңбекақыларын көтеру жөнінде ұсыныстар айтылуда. «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV Заңының 138 бабы 2 тармағында көрсетілгендей қаржы көзін тиімді пайдалана отырып, әкімшілік бөлімінің қызметкерлерінің 1,97 түзету коэффициентін 2,7-ке көбейтуді ұсынамын.

Есепті тыңдау бойынша Байқау кеңес мүшелері бірауыздан ШЕШІМ қабылдады:

Дауыс беру қорытындылары:

«ИӘ»4 – дауыс Л.Қ.Айтымбетова, Қ.Р.Алипов, Е.Молдашев, С.А.Усейнов

«ҚАРСЫ» _____ - дауыс

«ҚАЛЫС» _____ - дауыс

Шешім қабылданды: «ИӘ» 4 дауыс

Байқау кеңесінің төрайымы



Л.Қ.Айтымбетова

Байқау кеңесінің мүшесі


К.Р.Алипов

Е.Молдашев

С.А.Усейнов

Байқау кеңесінің хатшысы

М.А.Бутабекова



«Қызылорда облыстық тері-
венерологиялық диспансері»

ШЖҚ КМК бас дәрігері

С.А.Усейнов

2024 жыл

Ереже

"Қызылорда облыстық тері-венерологиялық диспансері" ШЖҚ КМК ақылы медициналық қызмет көрсету туралы

1. Жалпы ережелер

1. Осы ереже Қазақстан Республикасының 7 шілде 2020 жылғы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі, Қазақстан Республикасының 01.03.2011 ж. №413-ІV3 № «Мемлекеттік мүлік туралы заңы», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.12.2009 ж. № 2299 «Денсаулық сақтау ұйымдарында ақылы қызмет көрсету ережелері мен шарттары» туралы қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Қызылорда облысы денсаулық сақтау басқармасының "Қызылорда облыстық тері-венерологиялық диспансері" ШЖҚ КМК (бұдан әрі-диспансер) азаматтарға заңдарда белгіленген тәртіппен жүгінген сәттен бастап ақылы медициналық қызметтерді уақытылы және сапалы көрсетуге жауапты болады. Медициналық қызметтер ақылы негізде баға прејскурантына (№1 қосымша) сәйкес көрсетіледі. Ақылы медициналық қызметтер халықтың өз қаражаты, жұмыс беругінің қаражаты, ерікті медициналық сақтандыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен төленеді.

Қызылорда облысы денсаулық сақтау басқармасының "Қызылорда облыстық тері -- венерологиялық диспансері" ШЖҚ КМК №2 қосымшаға сәйкес шарттық негізде ақылы медициналық қызмет көрсетеді.

Ақылы медициналық қызмет көрсететін медицина қызметкерлерінің біліктілігі туралы мәліметтер №3 қосымшада көрсетілген

Ақылы медициналық көмек көрсететін дәрігерлердің жұмыс кестесі №4 қосымшада көрсетілген.

Ақылы медициналық қызмет көрсету үшін медициналық жабдықтар мен аппараттарды пайдалану кестесі № 5 қосымшада көрсетілген.

2. Ақылы медициналық қызмет көрсету тәртібі

3. Ақылы медициналық қызметтердің түрлері және оларға баға преysкуранты толықтырулармен көрнекі ақпарат арқылы азаматтардың назарына жеткізіледі.

4. Халыққа ақылы медициналық және өзге де қызметтер көрсету кезінде есептік және есептік құжаттаманы жүргізу денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысандар бойынша жүзеге асырылады.

5. "Қызылорда облыстық тері-венерологиялық диспансері" ШЖҚ КМК медициналық және өзге де қызметтерді ақылы негізде алған адамдарға төмендегі қызметтерді ұсынады:

- Медициналық және басқа да қызметтерді көрсету кезінде тиісті медицина қызметкерлерінің қорытындысын;

- көрсетілген медициналық және өзге де қызметтер үшін шығыстар туралы ақпаратты.

6. "Қызылорда облыстық тері – венерологиялық диспансері" ШЖҚ КМК-да ақылы медициналық және өзге де қызметтердің бағасы медициналық және өзге де қызметтерді көрсетуге байланысты шығындардың барлық түрлерін және өзге де қосымша шығыстарды ескере отырып айқындалады және жартыжылдықта бір реттен жиі емес қайта қаралады.

7. "Қызылорда облыстық тері – венерологиялық диспансері" ШЖҚ КМК көрсетілетін қызметтердің сапасына, көрсетілген қызметтер үшін ақы алудың дұрыстығына және диспансерді ұстауға ақылы медициналық және басқа да қызметтер көрсетуден түскен қаражатты пайдалануға жауапты болады.

3. Ақылы медициналық және басқа да қызметтерді көрсету шарттары

8. 2017 жылғы 06 желтоқсандағы №17020540 лицензиясына және Қызылорда облысының Денсаулық сақтау басқармасы ММ берген қосымшасына сәйкес "Қызылорда облыстық тері – венерологиялық диспансері" ШЖҚ КМК көрсететін ақылы медициналық және өзге де қызметтер медициналық және дәрігерлік қызметке арналған.

9. "Қызылорда облыстық тері – венерологиялық диспансері" ШЖҚ КМК ақылы медициналық және басқа да қызметтерді көрсету мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

- пациенттердің бастамасы бойынша, оның ішінде алғашқы медициналық-санитариялық көмек және денсаулық сақтауды ұйымдастыру мамандарының жолдамасынсыз алғашқы медициналық-санитариялық көмек, диагностикалық және емдеу қызметтерін көрсету;

- дәрілік заттармен емдеу;

- медициналық зерттеулер жүргізу;

- шегелдік және азаматтығы жоқ адамдарға медициналық және өзге де қызметтер көрсету кезінде;

- косметологиялық қызметтер;

- медициналық көмек көрсету және ұйыммен шарт бойынша, оның ішінде ерікті сақтандыру бойынша;

- азаматтарды жұмысқа және оқуға түсу үшін медициналық тексеруден өткізу;
- қосымша сервистік қызметтерді ұсыну;
- ережелерге өзгерістер мен толықтырулар Мемлекеттік басқару органының келісімі бойынша енгізіледі;

— "Қызылорда облыстық тері-венерологиялық диспансері" ШЖҚ КМК пациенттерге ақылы медициналық қызметтерді уақтылы және сапалы көрсетуге жауапты.

4. Мақсаттары, міндеттері, функцияларымен құқықтары.

10. Ақылы медициналық көмекті ұйымдастырудың негізгі мақсаты халықтың әртүрлі медициналық қызмет түрлеріне қажеттіліктерін толық қанағаттандыру, аумақтық тиесілілігіне және жұмыс орнына қарамастан, қызмет бейіні бойынша пациенттердің маманды немесе денсаулық сақтау мекемесін еркін таңдау қағидаттарын сақтау, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдармен медициналық көмек көрсетуге арналған шарттар негізінде болып табылады.

Негізгі міндеттері:

- негізгі қызметтен қосымша ұйымдастырылған ақылы негізде медициналық қызметтер көрсету;
- бекітілген прейскурантқа сәйкес зертханалық зерттеулерді уақтылы және сапалы жүргізу;
- сапалы медициналық көмек көрсету үшін барынша жағдай жасау;
- халық арасында тері және жұқпалы аурулардың және жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың (бұдан әрі ЖЖБИ) алдын алу бойынша ағарту жұмыстарын жүргізу және пациенттерге қызмет көрсетудің жоғары мәдениетіне ұмтылу;

- тері аурулары мен ЖЖБИ проблемаларына арналған іс-шараларға қатысу.

11. Өзіне жүктелген міндеттерді шешу үшін келесі функциялар орындалады:

- мамандарды тақырыптық мамандандырулармен және жетілдіру курстарымен оқытуды ұйымдастыру;
- халықтың денсаулығын сақтау саласындағы қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл;
- ақылы медициналық қызметтер бағасының прейскурантын әзірлеу және бекіту.

12. Науқастың құқығы бар :

- өз құқықтары мен міндеттері, көрсетілетін қызметтер, ақылы қызметтердің құны, сондай-ақ оларды ұсыну тәртібі туралы ақпарат алу.

Пациенттің құқықтары туралы ақпарат денсаулық сақтау ұйымының көрнекі үгіт жүргізу орындарында орналастырылуы тиіс:


- диагностика, емдеу және күтім процесінде лайықты қарым-қатынас, өзінің мәдени және жеке құндылықтарына құрметпен қарау;

- Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өзге де құқықтар.

5. Төлем түрі.

13. Көрсетілген ақылы медициналық және өзге де қызметтер үшін азаматтармен есеп айырысу Қызылорда облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық тері-венерологиялық диспансері" ШЖҚ КМК кассасына қолма-қол ақша беру арқылы жүзеге асырылады, бақылау-касса машиналарын міндетті түрде қолдана отырып, ағымдағы шотына аудару жолымен, қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша фискалдық жадымен және бақылау чегін беру Қызылорда облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық тері-венерологиялық диспансері" ШЖҚ КМК ағымдағы шотына аудару арқылы жүргізіледі.
14. Ақылы медициналық қызмет көрсетуден алынған қаражат медициналық қызметтерге арналған есеп айырысуларда көрсетілген шығындарды өтеуге жұмсалады. Табылған қаражатты бөлу төмендегіше жүзеге асырылады:
- 30 % - ға дейін қызметкерлерге сыйақы төлеуге,
 - 20 % диспансердің материалдық-техникалық базасын дамыту мен нығайтуға,
 - 5 % амбулаториялық ғимараттарды ұстауға (ағымдағы жөндеу және т.б),
 - 25 % дәрілік заттарды және басқа да медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алуға,
 - 10 % басқа керек – жарақтарды сатып алуға,
 - 3 % кәсіпорын қызметкерлеріне материалдық қолдау көрсетуге,
 - 2 % мерекелік іс-шараларды жүргізуге ,
 - 5 % өзге де шығындарға жұмсалады.
15. Кәсіпорынның бірінші басшысы және бас есепшісі ақылы қызмет көрсетуден түскен қаражаттың пайдаланылуына жауапты болады.
16. Жұмыс режимі қызмет ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес ұйымдастырылады.

Бас есепші



Л.К.Ажибекова